



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2018 жылғы 23 шілде

2018 жылғы 13 шілдеден 20 шілде аралығындағы жекелеген дамушы елдердің валюталары бойынша шолу¹

2018 жылғы 20 шілдедегі сауда-саттық қорытындылары бойынша **теңгенің нарықтық бағамы** бір АҚШ доллары үшін бір апта ішінде 0,9%-ға әлсіреп (343,45-тен), 346,68 теңге деңгейінде қалыптасты.

Сыртқы валюталық нарық тұрғысынан 13 шілдеден 20 шілде аралығында маңызды оқиғалар Ресей Президенті В.Путин мен АҚШ Президенті Д.Трампының қатысуымен Хельсинкидегі бірінші толықформатты Ресей-Америка саммиті, АҚШ ФРЖ-нің «Ақшыл сары кітапті» және АҚШ-тың өнеркәсіптік өндірісі бойынша деректерді жариялауы, АҚШ-тың ФРЖ басшысының елдегі монетарлық саясат және экономикалық ахуалға қатысты түсініктемелері, ОПЕК+ министрлік мониторингтік комитеттің маусымда мұнай өндірісін қысқарту туралы келісім талаптарының орындалу деңгейі туралы мәлімдемелері, сондай-ақ Д.Трампының дамыған елдердің түрлі бағыттағы монетарлық саясаты аясында АҚШ долларының шамадан тыс нығаюына қатысты түсініктемесі болды.

Дамушы елдердің валюта бағамдарының² АҚШ долларына қарағанда серпіні мынадай түрде қалыптасты:

- **Ресей рублі** АҚШ Президенті Д.Трампының Ресейдің АҚШ-тағы сайлауға араласуына қатысты Американың арнайы қызметінің тұжырымымен келісуі және егер Ресей Америкадағы сайлауға араласуын жалғастыратын болса, автоматты түрде санкциялар енгізуді көздейтін заң жобасын АҚШ-тың Сенатында талқылау аясында 1,7%-ға (62,45-тен 62,51-ге дейін) әлсіреді.

- **Оңтүстік Африка рэнді** Оңтүстік Африка Орталық Банкінің РЕПО-ның орташа мөлшерлемесін 6,5%-дық деңгейде сақтап тұруы аясында 1%-ға (13,27-ден 13,40-қа дейін) әлсіреді. Өз түсініктемелерінде Орталық Банк инфляцияның әлеуетті өсу тәуекелдері туралы болжам айтты.

- **Индонезия рупиясы** 0,8%-ға (14 378-ден 14 495-ке дейін) әлсіреді;

- **Мексика песосы** 0,7%-ға (18,89-дан 19,02-ге дейін) әлсіреді;

- **Үндістан рупиясы** 0,5%-ға (68,53-тен 68,85-ке дейін) әлсіреді;

- **Түрік лирасы** Түрік соты тыңшылық әрекеттері үшін және Ф.Гюлен қозғалысымен және курдтармен байланысы бар деп айыпталған америкалық пасторды қамауда ұстау мерзімін ұзартуына байланысты АҚШ тарапынан бұрын-соңды болмаған санкциялардың ықтималдығына қарамастан 1,0%-ға (4,84-тен 4,79-ға дейін) нығайды;

- **Бразилия реалы** Бразилия президентіне кандидат Д.Алкминнің центристтік коалиция тарапынан қолдау табуы аясында 2,1%-ға (3,85-тен 3,77-ге дейін) нығайды.

¹ шолуды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ашық дереккөздердің негізінде апта сайын дайындайды

² АҚШ долларына қарағанда көлемі жағынан неғұрлым көп сатылатын дамушы елдердің валюталары.



Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон бойынша алуына алады:

+7 (727) 2704 585

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz